

БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА

Кестелі мәліметтердің графикалық ұсынылуы

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.11.2017

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/20892/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сабақтың тақырыбы: **Кестелі мәліметтердің графикалық ұсынылуы**

Сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары **7.2.2.3. Электронды кестеде диаграммалар құру**

Сабақтың мақсаттары: **Барлығы:** Электрондық кестеде диаграмма құру жолдарын білу
Көпшілігі: Электрондық кестеде диаграмма құру барысында диаграмманың түрлері мен элементтерін білу
Кейбірі: Диаграммалардың барлық түрлерін құру және диаграмманы форматлай алу (диаграмманың типтерін, атын өзгерту, остері, тор сызығы, аңыз (легенда), мәліметтер таңбасы, сандық мәліметтерді орнату, атын жазу, тағы басқалар)

Бағалау критерийлері: Электрондық кестеде диаграмма құра алады
 Диаграмма түрлерін және элементтерін біледі.
 Мәліметтер бойынша кесте құрады және кесте бойынша күрделі диаграммалар құра алады.

Тілдік мақсат: *Диаграмма, диаграмма типтері, аты, осі, тор сызығы, аңыз (легенда), мәліметтер таңбасы, сандық мәліметтерді көру (Подписи данных)*

Диаграмма құру үшін:

1. Ұяшықтарға мәліметтерді кірістіреміз
2. Оларды ерекшелейміз
3. Вставка- Диаграмма командасын береміз
4. Диаграмма түрін, көрінісін таңдаймыз
5. Диаграмма атын, тағы басқаларды кірістіреміз

Құндылықтарға баулу **Жалпыға бірдей еңбек қоғамы:**
Еңбек және шығармашылық, ынтымақтастық, өмір бойы білім алу

Пәнаралық байланыстар *Орыс тілі*
Бейнелеу
 Сабақта компьютермен жұмыс барысында барлық командалар орыс тілінде болғаны үшін орыс тілі пәнімен байланысады.
 Электрондық кестеде диаграмма құру барысында диаграмманың түсін өзгерту, аймақтарын бояу бейнелеу пәнімен байланысады
 Мәліметтерді түрлері, мәліметтерді кірістіру, формула мен функциялардан пайдалану

Алдыңғы білім
Сабақтың барысы:

Сабақтың жоспарланған кезеңдері
Сабақтың басы

Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері

Ресурстар

I. Кіріспе:

Оқушылармен сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу.

Үлестірмелер, оқулық, жұмыс дәптері

3 минут



Ынтымақтастық атмосферасын құру
 Оқушыларды шаттық шеңберін құрып бір-біріне жақсы сөздер айту.
Топқа біріктіру. «Мозаика» әдісі арқылы оқушылар ортадағы кеспе қағаздарын алады. Кеспелерде орыс, ағылшын және қазақ тілінде жазылған компьютер құрылғыларының аттары берілген. Алған кеспедегі құрылғы аттарын оқып, орыс тілінде оқығандар бір топқа, қазақ тілінде оқығандар бір топқа, ағылшын тілінде оқығандар бір топқа бірігеді, топбасшылар сайлау «Kahoot.it» тест сұрақтары арқылы оқушылардың өтілген сабақ бойынша білімдерін тексеремін. Тест нәтижесін топбасшылар бағалау парағына жазады

2 минут

1. Электрондық кесте процессорды көрсет?

- A) Excel
- B) Paint
- C) Калькулятор
- D) Word

интернет

Саралау - Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетесіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?

Оқушыларды бір біріне үйрету мақсатында топтық жұмысты ұйымдастырдым. Оқушылардың қажеттілігіне орай деңгейлік тапсырмалар ұйымдастырдым.

Бағалау- Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?

Оқушыларды сабақ барысында «**Kahoot.it**» тест сұрақтары арқылы алған баллдарын, терміндерді сөздерді дұрыс жазғаны, практикалық тапсырмаларын компьютермен дұрыс орындағандарын, БҮҮ кестесі толтыруда өз-өзін бағалағандарын қосып қорытынды бағаны жариялау.

Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

Кабинет қауіпсіздік ережесін сақтау
Көзге арналған жаттығулар,
Арақашықтықты сақтау
Дұрыс отыра білу
Сергіту сәтінде қауіпсіздікті сақтау

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.